

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 35- қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 475-қосымша

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін «Алгебра» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін және нашар көретін) білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін «Алгебра» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Алгебраны оқытудың мақсаты – «Алгебра» пәнінің мазмұнын сапалы менгеруді қамтамасыз ету; білім алушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптастыру, оның ішінде басқа оқу пәндерімен кіріктіруде жалпы адами құндылықтар және ұлттық мәдениеттің озық дәстүрлері негізінде зияткерлік деңгейін дамыту.

3. «Алгебра» пәнінің міндеттері:

1) Бағдарламаның бөлімдері бойынша: «Сандар», «Алгебра», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» математикалық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға себептесу;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешу үшін математикалық тілді және негізгі математикалық зандарды қабылдауға, сандық қатынастарды және кеңістіктік пішіндерді зерделеуге көмектесу;

3) білім алушылардың білімдерін есептерді шешу мақсатымен математикалық үлгі құруға бағыттау және нақты процестерді сипаттайтын математикалық үлгілерді түсіндіру;

4) физика, химия, биология және басқа да теориялық салалардағы және практикалық қызметтер бойынша есептерді зерттеу мен шешу үшін математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді тандау үшін логикалық және сын тұрғысынан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін алынған нәтижелерді бағалау және олардың нақтылығын анықтауды дамыту;

6) қарым-қатынас дағдыларын дамыту, оның ішінде ақпаратты нақты және сауатты жеткізу қабілетін, жарияланымдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда ақпаратты әртүрлі деректерден пайдалану;

7) дербес жұмыс үшін, сондай-ақ командалық жұмыс үшін дербестік, жауапкершілік, жігерлілік, табандылық, шыдамдылық және төзімділік сияқты жеке қасиеттерін дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық терминдердің шығуымен таныстыру;

9) математикаға оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;

10) қоғамдық ілгерілеу үшін алгебраны түсіну маңыздылығын қамтамасыз ету.

4. Оқытудың қойылған мақсатын іске асыру үшін осы Бағдарлама төмендегідей түзету міндеттерін шешуді қарастырады:

1) құнделікті өмірде (қоғамда) математикалық білімдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру;

2) алгебраға оқыту процесінде танымдық әрекеттерін белсендіру;

3) текстерудің түйсіне-сезу тәсілімен игеру және заттардың рельефтік бейнелерін, функциялардың графикаларының контурлы бейнелерін қабылдау; сезіп түйсіну пішінді көрсетеді;

4) Брайль математикалық құралдарымен, рельефтік сызбалармен жұмыс кезінде сенсорлық функцияларын (түстерді ажырату, көзben шамалау) және ұсақ моторикасын дамыту;

5) көріп қабылдауды дамыту;

6) «Алгебра» пәнін зерделеу кезінде түсініктерді нақтылау;

7) байланыстырып сөйлеуін, материалды математикалық тілде баяндай алуын дамыту.

## 2-тaraу. Оқу процесін үйімдастырудың педагогикалықтәсілдер

### 5. Бағдарламаның ерекшеліктері:

1) шиыршықтық принципі бойынша сандар, алгебра, статистика және ықтималдық теориясы, математикалық ұлғілеу саласындағы математикалық білімдері мен біліктерін дамыту;

2) қолданбалық мәселелерді шешу арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;

3) техникалық құралдарды және қолданбалы бағдарламаларды (графикалық калькулятор, «GeoGebra», «1 С Математикалық конструкторы», «Excel (экзель)», «Access (аксес)», «Paint») қолдануға оқыту;

4) әртүрлі мәнмәтіндерде процесстерді сипаттау үшін математикалық үлгі құру біліктерін дамытудың практикалық бағыттылығы;

5) күтілетін нәтижелер оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған және Блум таксономиясының деңгейлері (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) бойынша құрылған.

6. Бағдарлама жалпы білім беретін мектепке арналған аналогиялық бағдарламасына сәйкес. Сонымен бірге, бұл Бағдарлама көрмейтін және нашар көретін балалардың қабылдау, түсіну, ойлау және сөйлеу саласынан көрінетін даму ерекшеліктері ескеріліп, құрылған. Бұл түзетуге және қабылдаудың дамытуға, түсініктерді нақтылауға, көрнекі-бейнелік ойлаудың жетілдіруге, өзін өзі бақылау тәсілдері мен жолдарын қалыптастыруды бағытталған арнайы нысандарды және оқыту тәсілдерін қолдануды болжайды.

7. Көрмейтіндерді және нашар көретіндерді оқыту барысында түзету-компенсаторлық процесстерді жоғарғы деңгейде дамыту (ауыстырылып қосылу, компенсаторлық қабылдау құрылымындағы нұсқалық), өзін өзі түзету тәсілдері мен жолдарын және әлеуметтік-психологиялық реттеу мен бейімдеуді қалыптастыруды бойынша міндеттер шешіледі.

8. Алгебраны оқыту барысында білім алушылардың офтальмологиялық мүмкіндіктерін ескеру, яғни көру анализаторының бұзылу дәрежесіне қарай балаларды топтарға бөлінуіне сәйкес:

1) толық көрмейтін және жақсы көретін көзінде түзету көзілдірікпен 0-ден 0,04-ке дейінгі көру өткірлігімен жартылай көрмейтін (жартылай көретін) балалар - аталған топты оқыту Брайль жүйесі бойынша сезіну және есту көмегімен іске асырылады;

2) жақсы көретін көзінде түзету әйнегімен 0,05-тен 0,09-ға дейінгі көру өткірлігімен нашар көретін балалар - оқыту кезінде олар реттелген көру жүктемесін сақтауға, толық емес көру қабілетін қорғау және тиімді пайдалану бойынша іс-шараларға, еңбек пен демалыс қызметін икемді кезектестіруге мүқтаж.

9. Көрмейтін балаларды оқыту сараланған, іс-әрекет, құндылыққа бағдарланған, тұлғаға бағдарланған, коммуникативтік тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жүзеге асырылады.

10. «Алгебра» пәнін оқытудағы құндылыққа бағдарланған тәсіл адамның қоғамда адамның табысты кіріктірілуіне көмектесетін негізгі құндылықтарды білуіне, түсінуіне және үғынуына бағытталған. Бағдарламада жалпылттық «Мәңгілік ел» идеясы іске асырылады.

11. Тұлғаға бағдарланған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, окушы тұлғасының үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін толық ашу және сабағында тұлғаның әлеуметтік-маңызды қасиеттерін тәрбиелеу, эмоциялық-ерік аясын, психикалық процестерін түзету болып табылады.

12. Іс-әрекет тәсілі менгеруді автоматтандырылған дағдылар деңгейіне дейін жеткізуі қамтитын ақпараттық-рецептивті, іздеу, зерттеу, талдау және

жинақтау әдісі, болжау тиімдірек болып табылатын практикалық біліктер мен дағдыларды дамытуда және түзетуде іске асырылады, яғни білім алушыларға өз бетінше:

1) сұрақтар қоюға және қорытындылар жасауға; әртүрлі күрделіліктегі алгебра бойынша оқу және танымдық міндеттерді шешу үшін ұлғілер мен сызбаларды жасауға, қабылдауға және түрлендіруге;

2) нәтижеге жету процесіндегі өз іс-әрекетін бақылауды жүзеге асыруға, бағдарлану және мобиЛЬДІЛІКПЕН байланысты өзгеретін жағдайларға сәйкес өз іс-әрекеттерін түзетуге; оқу тапсырмаларын орындау дұрыстығын, оны шешудегі өз мүмкіндігін бағалауға мүмкіндік береді.

13. Сараланған тәсіл күрделілігі, мұғалім тарарапынан қолдау сипаты бойынша ажыратылатын шағын топтық оқытуды, әртүрлі деңгейлік тапсырмаларды қолдануды болжайды, яғни шартты түрде білім алушыларды үш шағын топқа бөлуге болады:

1) бірінші шағын топтың білім алушылары оқу материалын жеткілікті толық және өз бетінше менгеруге қабілетті;

2) екінші шағын топтың білім алушылары оқу материалын менгереді, бірақ оны қайта жаңғырту кезінде бірқатар қателіктер жібереді, көмекке мұқтаж;

3) үшінші топтың білім алушылары оқу материалын бір бөлігінде менгереді және оны өз бетінше қайта жаңғыртуға қабілетті емес; олар үшін жеке түзету әдістері және тәсілдері көрсетілген тапсырмалар мен еске түсірulerі бар жеке карталар құрылады.

14. Коммуникативтік тәсіл білім алушы мен педагогтың арасындағы вербальді және вербальді емес өзара іс-әрекет процесінде білімдермен, біліктермен және дағдылармен алмасуды қарастырады. Алгебра сабағында коммуникативтік дағдыларды үйрету үшін жұмысты топтарда, жұппен ұйымдастырылады.

15. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі базалық ақпараттық-коммуникациялық дағдыларда құрылады және өзіне жұмыс, бос уақыт пен қарым-қатынас үшін технологияларды дұрыс және шығармашылық қолдануды қамтиды;

2) мультимедиялық ресурстардың және бұқаралық ақпарат құралдарының, интерактивті тақталар мен компьютерлердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану оқу процесін жаңғыртуға және белсендіруге, сондай-ақ білім алушылар мен педагогтың арасындағы ынтымақтастық пен қарым-қатынасқа көмектеседі;

3) ақпаратты іздеу, өндөу және онымен алмасу үшін Интернет-ресурстарды, ұялы байланысты, онлайн-форумды; көрмейтін балалар үшін Jaws for Windows (джовс фо виндоус) ақпаратына визуалды емес қолжетімділіктің дыбыстаушы бағдарламасы бар компьютер пайдаланылады;

4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың құндылығы білім алушылар өз қызметін өзгенің көмегінсіз өз бетінше үйымдастыра алады.

16. Көрү қабілеті бұзылған білім алушылар үшін негізгі орта білім беру оқыту 6 жыл ағымында (жалпы білім беретін мектепте – 5 жыл) жүзеге асырылатындықтан, оқу материалын оқу жылы бойынша қайта бөлу жүргізіледі, бұл ретте пән тақырыптарының мазмұны мен кезектілігі сақталады. Алгебра бойынша «Алгебралық бөлшек» 7-сыныптан 8-сыныпқа ауыстырылды; «Тенсіздік» тақырыбы 8-сыныптан 9-сыныпқа; «Сандық тізбектер», «Тригонометрия элементтері» және «Іктикаудықтар теориясының элементтері» 9-сыныптан 10-сыныпқа ауыстырылды.

17. Алгебраны оқыту процесі келесі оқу пәндерімен байланысты:

1) орыс тілімен - сөйлемдерді құрастыру, математикалық терминдермен сөз қорын байыту; талқылауды, талдауды, дәлелдеуді жүзеге асыру кезінде өз ойларын сауатты баяндауға үйрету үшін орыс тілі ережелерінің білімдері негізінде;

2) тарихпен - тарихи оқиғаларды есептеу үшін тарихи кезеңдердің хронологиялық шектері туралы түсініктеге сүйене отырып;

3) географиямен - Жердің шартарларының формасы туралы, глобустағы Жер бетінің бейнесі туралы түсініктегі; план мен картаның ұқсастығы және әртүрлілігі туралы, географиялық координаталар туралы білімдерді; температураны өлшеу туралы, географиялық карталармен жұмыс істеу біліктерін қолдана отырып; география курсынан параллельдер мен меридиандар туралы білімдерін қолдана отырып; доға мен шенбердің градустық өлшемі сияқты ені мен ұзындығын түсіндіру арқылы;

4) биологиямен - табиғатты қорғау, экология, табиғатты ұтымды пайдалану туралы; биологиялық құрылымдардағы симметрия туралы білімдерін қолдана отырып;

5) информатикамен - компьютермен: «Калькулятор» бағдарламасының көмегімен есептеу, диаграмма құру және оқытудың мультимедиялық құралдарын пайдалану бойынша жұмыс істеу білігін қолдана отырып;

6) физикамен - қайнау процесінің графикалық түсініктегі туралы, денені жылдыту және сұыту процестері, функция тапсырмасы мен функция қасиеттерінің графикалық тәсілін зерделеу кезіндегі балқу мен қатаю туралы білімдеріне сүйеніп; түсініктегі мен көлемдердің физикалық мәндеріне бағдарлану;

7) химиямен - мәтін тапсырмаларды шешу кезінде қоспалар, ерітінді, шоғырлану туралы білімдерін қолдану;

8) технологиямен - өзіндік құн, кіші бизнесі жұмсау түрлері, туралы білімдерін қолдану; тауарлардың өзіндік құнын калькуляциялау және қызметтер туралы білімдерін қолдану жүзеге асырылады.

18. Алгебраны оқыту барысында тәмендегі түзету пәндерімен байланыс жүзеге асырылады:

1) қалдық көру қабілетін сақтау және дамыту: бейне белгілерін бөлу біліктерін дамыту (сұлба, ашықтық, түсі, пішіні, көлемі, кеңістіктік бағдарлауын) және оларды кіріктіруді жүзеге асыру; көріп есте сақтауын және көрнекі-бейнелік ойлауын дамыту;

2) кеңістікте бағдарлау: математикалық білімдерін ойын әрекетінде, қоғамда қолдану;

3) әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау: бюджетті білу; математикалық білімдерін (өлшеу, есептеу, модельдеу, құрастыру) қолдану;

4) емдік дене шынықтыру: сыйықтар, қатар түзулер, перпендикуляр түзулер, есептеу.

19. Түзете-дамыту жұмысында бұзылған және жетілмеген функцияларын түзету мен орын толтыру мақсатында пайдаланылатын арнайы техникалық және оптикалық құралдар жүйесі қолданылады.

20. Алгебра кабинетінде көрмейтін және нашар көретін балаларға арналған тифлотехникалық құралдар қарастырылады:

1) Брайль бойынша оқулықтар;

2) нашар көретін балалар үшін ұлкейтілген шрифтпен және бейімделген түсті иллюстрациялармен арнайы оқулықтар;

3) қалдық көру қабілеті бар көрмейтін балалар үшін рельефті және түсті баспаны үйлестіретін құралдар;

4) Брайль жүйесі бойынша жазу үшін құралдар;

5) Брайль жүйесі бойынша жазу үшін грифельдер;

6) рельефтік – нұқтелік шрифтпен жазу үшін қағаз;

7) рельефтік суреттермен, сызбалармен, сұлбалармен және қарапайым функциялардың графикаларымен иллюстрацияланған Брайль бойынша альбомдар;

8) «Кітапқұмар» оқитын машинка;

9) математикалық құралдар: шеңбер доғасын рельефтік сызу үшін циркуль, тактильді транспортир, тактильді сывғыш, тактильді ұшбұрыш, координаталық жазықтық макеті, дыбыстық калькуляторлар;

10) макеттер, ұлгілер, текше мен тікбұрышты параллелепипед көрінісі;

11) рельефтік – графикалық құралдар.

### 3-тарау. «Алгебра» оқу пәнінің мазмұнын үйымдастыру

21. «Алгебра» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;

4) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

22. «Алгебра» пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім «Сандар»;

2) 2-бөлім «Алгебра»;

3) 3-бөлім «Статистика және ықтималдықтар теориясы»;

4) 4-бөлім «Математикалық модельдеу және анализ».

23. «Сандар» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) сандар және шамалар туралы түсініктер;

2) сандарға амалдар қолдану.

24. «Алгебра» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру;

2) теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері мен жиынтықтары;

3) тізбектер және олардың қосындысы;

4) тригонометрия.

25. «Статистика және ықтималдықтар теориясы» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) комбинаторика негіздері;

2) ықтималдықтар теориясының негіздері;

3) статистика және деректерді талдау.

26. «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) математикалық анализ бастамалары;

2) математикалық модельдеудің көмегімен есептер шыгару;

3) математикалық тіл жәнематематикалық модель.

27. 7-сыныпқа арналған «Алгебра» пәнінің базалық мазмұны:

1) 5-6 сыныптардағы математика курсын қайталау;

2) бүтін көрсеткішті дәреже. Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Санның стандарт түрі. Өте кіші және өте үлкен сандармен байланысты практикалық есептер шыгару. Абсолюттік және салыстырмалы қателік. Құрамында дәрежесі бар сандар тізбектері;

3) көпмүшелер. Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Көпмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүше мен көпмүшенің стандарт түрі. Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тен түрлендіру;

4) функция. Функцияның графигі. Функция ұғымы. Функцияның графигі. Сызықтық функция және оның графигі. Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу.  $y=ax^2$ ,  $y=a$  және  $y=\frac{k}{x}$  ( $k \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері;

5) статистика элементтері. Бас жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдары. Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі. Жиілік алқабы;

6) қысқаша көбейту формулалары. Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы. Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формуулалары. Екі өрнектің қосындысының кубы

және айырымының кубының формулалары. Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырымының формулалары. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Тендеу және теңсіздіккүру арқылы берілген мәтінді есептерді шығару;

7) 7-сыныптағы алгебра курсын қайталау.

28. 8-сыныпқа арналған «Алгебра» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) алгебралық бөлшектер. Алгебралық бөлшектер және оның негізгі қасиеті. Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару. Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

2) квадрат түбір және иррационал өрнектер. Иррационал сандар. Нақты сандар. Квадрат түбір. Квадрат түбірдің жуық мәні. Арифметикалық квадрат түбір. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару. Көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгізу. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату. Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру. Нақты сандарды салыстыру.  $y = \sqrt{x}$  функциясы, оның қасиеттері және графигі;

3) квадраттендеулер. Квадрат тендеу. Толымсыз квадрат тендеулер. Келтірілген квадрат тендеу. Екімүшенің толық квадратын айыру. Квадрат тендеу түбірлерінің формулалары. Дискриминант. Виет теоремасы. Виет теоремасына кері теорема. Квадрат үшмүше. Квадрат үшмүшенің түбірі. Квадрат үшмүшенің көбейткіштерге жіктеу. Квадрат тендеуге келтірілетін тендеулер. Биквадрат тендеу. Жаңа айнымалы енгізу әдісі. Бүтін рационал тендеу. Бөлшек-рационал тендеу. Рационал тендеу.  $|ax^2 + bx| + c = 0; ax^2 + b|x| + c = 0$  түріндегі тендеулер. Квадрат тендеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Бөлшек-рационал тендеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару;

4) квадраттық функция. Квадраттық функция.  $y=a(x-m)^2, y=ax^2+n$  және  $y=a(x-m)^2+n$  ( $a \neq 0$ ) түріндегі функциялар, олардың қасиеттері және графиктері.  $y=ax^2+bx+c$  ( $a \neq 0$ ) түріндегі квадраттық функция, оның қасиеттері және графикі;

5) «Статистика элементтері». Жиілік. Жиіліктер кестесі. Интервалдық кесте. Гистограмма. Жинақталған жиілік. Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу. Полигон;

6) 8-сыныптағы алгебра курсын қайталау.

29. 9-сыныпқа арналған «Алгебра» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) теңсіздіктер. Квадрат теңсіздік. Квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графикі арқылы шығару. Рационал теңсіздік. Интервалдар әдісі. Бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктер жүйесі;

2) екі айнымалысы бар тендеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері. Екі айнымалысы бар сызықтық емес тендеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық емес тендеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес тендеулер жүйесін шешу. Екі айнымалысы бар сызықтық емес тендеулер жүйесі көмегімен мәтінді

есептер шығару. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесі;

3) комбинаторика элементтері. Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын «орналастыру», «алмастыру» және «теру» ұғымдары. Комбинаториканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару. Ньютон биномы және қасиеттері;

4) 9-сыныптағы алгебра курсын қайталау.

30.10-сыныпқа арналған «Алгебра» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тізбектер. Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері. Арифметикалық прогрессия. Арифметикалық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Арифметикалық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Геометриялық прогрессия. Геометриялық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Геометриялық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысы. Математикалық индукция әдісі;

2) тригонометрия. Бұрыш пен доғаның градустық және радиандық өлшемдері. Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндері. Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері. Негізгі тригонометриялық тепе-тендіктер. Келтіру формулалары. Екі бұрыштың қосындысы мен айырымының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің формуласы. Тригонометриялық функциялардың қосбұрышы және жартыбұрышының формуласы. Тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формуласы. Тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру формуласы. Тригонометриялық өрнектерді тепе-тен түрлендіру;

3) ықтималдықтар теориясының элементтері. Оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға. Элементароқиға. Қолайлы нәтижелер. Тен мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар. Ішкималдықтың классикалық анықтамасы. Статистикалық ықтималдық. Геометриялық ықтималдық;

4) 7-10 сыныптардағы алгебра курсын қайталау.

#### 4-тaraу. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламадағы оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар Бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін білдіреді, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.3.5 кодындағы «7» – сынып, «2.3» – бөлімше, «5» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

32. Оқу мақсаттарыбойынша күтілетін нәтижелер:

## 1) 1-бөлім «Сандар»:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Сандар және шамалар туралы түсініктер	7.1.1.1 стандартты түрде сандарды жазу	8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымын менгеру 8.1.1.2 квадрат түбір мен арифметикалық квадрат түбір анықтамасын білу және ұғымдарын ажырату; Брайль рельефті – нүктелік шрифтіmentүбір белгісінің жазылу ережесін білу		10.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын менгеру 10.1.1.2 бірлік шеңберде $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу
1.2 Сандарға амалдар қолдану	7.1.2.1 натурадан көрсеткіші бар дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу 7.1.2.2 қандай цифрлық сандар дәрежесінің мәніне аяқталатынын анықтау 7.1.2.3 нөлдік және бүтін теріс көрсеткіші	8.1.2.1 арифметикалық квадрат түбір қасиеттерін қолдану 8.1.2.2 квадрат түбір мәнін бағалау 8.1.2.3 түбір белгісінен көбейткішті шығару және көбейткішті түбір белгісіне енгізу 8.1.2.4 иррационалдан бөлшектің		10.1.2.1 градустарды радиандарға және радиандарды градустарға айналдыру

	<p>бар дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу</p> <p>7.1.2.4 бүтін көрсеткіші бар дәреженің сандық мәнін табу, берілген сандарды дәреже түрінде көрсету</p> <p>7.1.2.5 алгебралық өрнектерді ықшамдау үшін дәрежелердің қасиеттерін қолдану</p> <p>7.1.2.6 нөлдік көрсеткіші бар дәреже негізінде айнымалылар дың ұйғарынды мәндерін табу</p> <p>7.1.2.7 стандартты түрде жазылған сандармен арифметикалық амалдарды орындау</p> <p>7.1.2.8 стандартты түрде жазылған санның мәнді бөлігін және</p>	<p>бөлімін босату</p> <p>8.1.2.5 квадрат түбірден тұратын өрнектерді түрлендіруді орындау</p> <p>8.1.2.6 нақты сандарды салыстыру</p>		
--	---	---	--	--

	<p>ретін табу</p> <p>7.1.2.9</p> <p>стандартты</p> <p>түрде</p> <p>жазылған</p> <p>сандарды</p> <p>салыстыру</p> <p>7.1.2.10</p> <p>шаманы бір</p> <p>өлшем</p> <p>бірліктен</p> <p>басқаға</p> <p>айналдыру</p> <p>және</p> <p>нәтижелерін</p> <p>стандартты</p> <p>түрде жазу</p> <p>7.1.2.11</p> <p>шамалардың</p> <p>жуық</p> <p>мәндерін табу</p> <p>және оларды</p> <p>стандартты</p> <p>түрде жазу</p> <p>7.1.2.12</p> <p>шамалар</p> <p>мәндеріне</p> <p>жуық</p> <p>абсолюттік</p> <p>және</p> <p>салыстырмал</p> <p>ы қателікті</p> <p>есептеу</p> <p>7.1.2.13</p> <p>калькуляторд</p> <p>ы қолданып,</p> <p>жуықтап</p> <p>есептеуді</p> <p>орындау;</p> <p>дыбыстық</p> <p>калькуляторд</p> <p>ы қолданып,</p> <p>жуықтап</p>		
--	---	--	--

	<p>есептеуді орындау 7.1.2.14 рационалдық есеп үшін қысқартылған көбейту формуласын қолдану 7.1.2.15 натурал көрсеткіші бар дәреже қасиетін қолдану</p>			
--	---	--	--	--

2) 2-бөлім «Алгебра»:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары			
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру	<p>7.2.1.1 сандық өрнектердің мәнін табу кезінде бүтін көрсеткіштері бар дәреженің қасиеттерін қолдану</p> <p>7.2.1.2 бір мүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу</p> <p>7.2.1.3 бір мүшені стандартты түрде жазу</p> <p>7.2.1.4 бір мүшелерді көбейтуді орындау және</p>	<p>8.2.1.1 алгебралық бөлшектерді тану</p> <p>8.2.1.2 алгебралық бөлшектердегі айнымалылардың үйгарынды мәндерінің саласын табу</p> <p>8.2.1.3 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану</p> $\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$ <p>8.2.1.4 алгебралық бөлшектерді</p>		

	<p>көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету 7.2.1.5 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу 7.2.1.6 көпмүшениң стандарттық түрге келтіру 7.2.1.7 көпмүшелердің қосу және азайтуды орындау 7.2.1.8 көпмүшениң бір мүшеге көбейтуді орындау 7.2.1.9 көпмүшениң көпмүшеге көбейтуді орындау 7.2.1.10 <math display="block">\begin{aligned} &amp;a^2 - b^2 \\ &amp;= (a - b)(a + b); \\ &amp;(a \pm b)^2 \\ &amp;= a^2 \pm 2ab + b^2 \end{aligned}</math> қысқартылған көбейту формуласын білу және қолдану 7.2.1.11 <math>a^3 \pm b^3 =</math></p>	<p>қосу мен алуды орындау 8.2.1.5 көбейтудің және бөлуді, алгебралық бөлшектер дәрежесіне шығаруды орындау 8.2.1.6 алгебралық өрнектерді түрлендіруді орындау 8.2.1.7 квадрат үшмүшениң түбірі үғымын менгеру 8.2.1.8 үшмүшеден толық квадрат қосмүшениң бөлүү 8.2.1.9 квадрат үшмүшениң көбейткіштерге бөлшектеу</p>	
--	---	---	--

$(a \pm b)(a^2 \mp ab + b^2);$ $(a \pm b)^3$ $= a^3 \pm 3a^2b$ $+ 3ab^2 \pm b^3$ <p>қысқартылған көбейту формуласын білу және қолдану</p> <p>7.2.1.12 жалпы көбейткішті жақшаның сыртына шығару және топтастыру тәсілімен алгебралық өрнектерді көбейткіштерг е бөлшектеу</p> <p>7.2.1.13 көпмүшегі мен алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау, көпмүшени көбейткішке жіктеу</p> <p>7.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқартылған көбейту формулаларын ың көмегімен көбейткіштерг е жіктеу</p> <p>7.2.1.15</p>				
---	--	--	--	--

	алгебралық өрнектерді қысқартылған формулалар көмегімен тепе-тең түрлендіруді орындау			
2.2 Тендеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері мен жыныстықтар ы	8.2.2.1 квадраттенdedу дің анықтамасын білу 8.2.2.2 квадрат тендеудің түрлерін анықтау 8.2.2.3 квадрат тендеулерді шешу 8.2.2.4 Виет теоремасын қолдану 8.2.2.5 $ ax^2+bx +c=0;$ $ax^2+b x +c=0$ тендеу түрін шешу 8.2.2.6 бөлшек- рационал тендеулерді шешу 8.2.2.7 квадрат тендеуге келтірілген тендеулерді шешу	9.2.2.1 екі айнымалыме н сызықтық және сызықсыз тендеулерді ажырату 9.2.2.2 екі айнымалыме н сызықсыз тендеулер жүйесін шешу; Брайль рельефті- нұктелік шрифт бойынша жүйе белгісінің жазылу ережесін білу 9.2.2.3 квадрат теңсіздіктерд і шешу 9.2.2.4 рационал теңсіздіктерд і шешу 9.2.2.5 екі теңсіздікten, біреуі сызықтық, ал		

			<p>екіншісі – квадрат болатын жүйені шешу 9.2.2.6 еki квадрат теңсіздік жүйесін және жиытығын шешу; рельефті- нұктелік шрифтпен (Брайль бойынша) жиынтық белгісінің жазылу ережесін білу 9.2.2.7 еki айнымалысы бар теңсіздіктерд і шешу 9.2.2.8 еki айнималасы бар сызықсыз тендеулер жүйесін шешу</p>	
2.3 Тізбектер және олардың қосындысы	7.2.3.1 зандалықты анықтау және дережеден тұратын тізбектер мүшелерін табу			10.2.3.1 сандақ тізбек туралы түсінігінің булы 10.2.3.2 n-дік тізбек мүшесін табу, мысалы:

			$\frac{1}{2 \cdot 3}, \frac{1}{3 \cdot 4}, \frac{1}{4 \cdot 5}, \frac{1}{5 \cdot 6}, \dots$ 10.2.3.3 математикалық индукция әдісін білу және қолдану 10.2.3.4 сандық тізбектер арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны тану 10.2.3.5 n-дік мүше формуласын, бірінші мүшелердің n қосындысын және арифметикалық прогрессияның сипаттамалық қасиетін білу және қолдану 10.2.3.6 n-дік мүше формуласын, бірінші мүшелердің n қосындысын және геометриялық
--	--	--	--

				қ прогрессиян ың сипаттамалы қ қасиетін білу және қолдану 10.2.3.7 арифметикал ық және/немесе геометриялы қ прогрессияла рмен байланысты есептерді шешу 10.2.3.8 ондық периодтық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін шексіз азаймалы геометриялы қ прогрессия қосындысын ың формуласын қолдану 10.2.3.9 есептерді шешуге шексіз азаймалы геометриялы қ прогрессия қосындысын ың формуласын
--	--	--	--	---

			қолдану
